

выгоранием педагогических работников, сопровождающих обучение и развитие детей с ограниченными возможностями здоровья.

Ключевые слова: синдром эмоционального выгорания; профессиональные деформации; инклюзивное образование.

Emotional burnout and professional deformations of educators in inclusive education

Ralnikova I.,¹, Savelieva T.²

*¹ Altai State University, ²MBU TO DOOC Harmony
(Barnaul, Russia) irinaralnikova@yandex.ru *, tatiana.saveleva.97@yandex.ru*

Abstract

The article presents the results of studying the emotional burnout and professional deformations of pedagogical workers (pedagogical psychologists, speech therapists, social pedagogues) in the inclusive sphere of education as related phenomena. Professional deformations of pedagogical workers objectify themselves by pronounced authoritarianism, uncritical thinking, rigidity in behavior. Pedagogical workers with professional deformations have the formed emotional burnout syndrome, which is represented by a high level of emotional tension in the phases of resistance, tension and exhaustion. The dominant symptoms of burnout syndrome were “experiencing traumatic circumstances”, “anxiety”, “inadequate emotional response”, “economy of emotions”, “reduction of professional duties”, “personal detachment”. Symptoms such as “dissatisfaction with oneself”, “being caged into a cage”, “emotional disorientation”, “emotional deficit”, “emotional alienation”, “psychosomatic and psychoemotional disorders” are clearly expressed, but there are stages of formation. Expressed authoritarianism, high rigidity, reduced criticality and reflexivity act as signs associated with emotional burnout of teachers accompanying the education and development of children with disabilities.

Keywords: emotional burnout syndrome; professional deformations; inclusive education.

Поступила в редакцию 25.06.2021

FTAMP 14.35.01

<https://doi.org/10.51889/2021-3.2077-6861.08>

Г.Ж.ЕРЖАНОВА¹, С.С.ЖАКИПБЕКОВА¹, М.А.ШМИДТ¹

*¹І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Талдықорған, Қазақстан),
gulnur_ppf@mail.ru, sauleskorpion@mail.ru, smidtm@mail.ru*

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ДЕЙІНГІ ДАЯРЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақала мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың жоғары білімге қалыпты оқушылармен теңдей қол жетімді болу мәселесіне арналған. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтарын кемсітуді жою мәселесі бүкіл әлем, оның ішінде Қазақстан Республикасы үшін де өзекті. Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін қажетті білім беру жағдайларын жасаудың өзектілігі сөзсіз, әсіресе олардың психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, осы санаттағы жоғары білім алу мүмкіндігі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды университетке дейінгі дайындықта психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру, кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық кеңес беру. Зерттеу жұмысы барысында

аралас зерттеу әдістері қолданылды: сапалық және сандық. Зерттеуге Алматы облысы мектептерінің 9-11 сыныптарының 100 әртүрлі аңғарымы бар мүмкіндігі шектеулі оқушылары қамтылды. Сауалнама нәтижелері арқылы мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың университетке түсу қарама-қайшылықтары анықталды.

Түйін сөздер: аңғарым; жоғары білім; мүмкіндігі шектеулі тұлға; қашықтықтан білім беру; инклюзивті білім беру.

Кіріспе. Қазақстан демократиялық қоғам ретінде қоғамның әрбір азаматына, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға халықаралық нормаларға сәйкес отандық заңнамамен бекітілген сапалы білім алуға тең құқыққа кепілдік береді. Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін қажетті білім беру жағдайларын жасаудың өзектілігі сөзсіз, әсіресе олардың психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, осы санаттағы жоғары білім алу мүмкіндігі қарастырылады. Бұл міндеттерді шешуге жоғары білім мен мамандықты саналы түрде алу жолындағы маңызды кезең болып табылатын жоғары оқу орнына дейінгі дайындық ықпал етеді. Сондай-ақ, университеттегі мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға материалдық көзқарастың маңыздылығын анықтап қана қоймай, сонымен қатар шетелдік және отандық зерттеулер осы проблеманың уақтылы орындалуын баса көрсететін жоғары оқу орнына дейінгі тиімді дайындықты ұйымдастыруға арналған зерттеулерді жандандырады.

Жоғары білімнің қол жетімділік деңгейін арттырудың маңызды элементі орта білім беру жүйесінен жоғары білім беру жүйесіне көшу әсіресе қиындыққа тап болатын мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды жоғары оқу орнына дейінгі даярлау болып табылады [1, 3-5 б.]. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев өз Жолдауында атап өткендей: «Олар қоғамда жұмыс істеп, табыс табатындарын білетін болады. Біз мұны жасай аламыз, бұл кедергісіз аймақ деп аталады» [2, 3-5 б.].

Қазақстан Республикасында, атап айтқанда, З.А. Мовкебаева өзінің бірқатар еңбектерінде мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың мамандық таңдауға дайындығы туралы атап өтті [3, 6-11 б.].

Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамдық ортаға қосу,

сондай-ақ инклюзивті білім беруді енгізуге, оның нормативтік-құқықтық негіздерін әзірлеуге алғашқы талпыныстарды профессор Р.А. Сүлейменова жасады [4, 56-58 б.].

Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды жоғары оқу орнына дейінгі даярлауды дұрыс ұйымдастыру, қалыпты дамып келе жатқан құрбыларымен жүйелі түрде мекеме аясында инклюзивті жоғары білім беруде өзекті міндет болып табылады. Жоғары білім беру жүйесінде инклюзияның кеңінен таралуына кедергі келтіретін бірқатар шешілмеген мәселелер бар:

– инклюзивті оқытуды ұйымдастыру жағдайларын қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық базаның шектеулілігі;

– түзету-дамыту және инклюзивті оқытудың білімі мен технологияларын меңгерген білікті мамандар мен педагогтердің қажетті санының болмауы;

– жоғары білім беру жүйесіндегі инклюзивті оқыту үрдісін материалдық-техникалық жаратқандырудың жеткіліксіздігі (арнайы жабдықтар, дидактикалық құралдар және т. б.);

– инклюзивті жоғары білім беру жүйесінде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды жоғары оқу орнына дейінгі даярлауды ұйымдастырудың психологиялық дайындығы;

– түзету психологиялық-педагогикалық көмек жүйесіне проблемалары бар балаларды уақтылы анықтау және енгізу;

– мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға инклюзивті жоғары білім беру жағдайларына бағытталған бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етудің шектеулілігі.

Профессор З.А. Мовкебаеваның зерттеулері осы идеяны дамытуға, педагогикалық кадрларды инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге даярлау мәселелерін қарастыруға ықпал етті [3, 6-11 б.]. Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мектептің оқу

процесіне қосудың ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларының ғылыми-әдіснамалық аспектілерін ашқан алғашқы зерттеуші А.А. Байтұрсынов болып табылады [5, 56-58 б.].

Зерттеудің мақсаты: мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды университетке дейінгі дайындықта психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру, кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық кеңес беру.

Зерттеудің міндеті:

- мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін қажетті білім беру жағдайларын жасау;
- мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды университетке дейінгі дайындықта психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
- мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың аңғарымына қарай білім беру бағдарламаларын анықтау.

Әдістер. Зерттеу сапалық және сандық деректерді қолданатын аралас зерттеу әдісін қолданды. Негізгі ақпарат жинау үшін сауалнамалар пайдаланылды. Авторлар тобы әзірлеген сауалнаманың сұрақтары ашық және жабық түрде болды. Зерттеу мақсатына жету үшін келесі әдістер қолданылды: тақырып бойынша ғылыми зерттеулерді талдау және жалпылау, сауалнама, мазмұнды талдау және сипаттамалық статистика әдісі. Зерттеу әдістемесі оқытудың инклюзивті тәсіліне, білім берудің гуманистік парадигмасына негізделген.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың білім алуы-на кепілдік беретін және оларға өздерінің кәсіби мүдделері мен қажеттіліктерін іске асыруға мүмкіндік беретін нормативтік-құқықтық құжаттар әзірленді. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы [6], Қазақстан Республикасының «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау туралы» Заңы [7], Қазақстан Республикасының «Бала


құқықтары туралы» Заңы қарастырылған [8]. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде талапкердің академиялық жетістіктерінің ғана емес, оның әлеуметтік-экономикалық мәртебесін ескере отырып, мемлекеттік білім беру гранттарын бөлу жүйесін қайта қарау жоспарлануда, бұл мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға жоғары білім беру саласында белгілі бір кепілдіктерді қамтамасыз етеді. Алайда, қабылданған шараларға қарамастан, мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың жоғары білім беру бағдарламаларына қол жеткізуі үшін кедергілерді жою және инклюзивті жоғары білім беруді дамыту қажеттігі туындайды [9, 10-48 б.].

Нәтижелер. Зерттеу барысында мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды жоғары оқу орнына дейінгі даярлауды ұйымдастыру бойынша 9-11 сынып бітіруші әртүрлі аңғарымдары бар мүмкіндігі шектеулі оқушыларға сауалнама жүргізілді. Сауалнама жүргізуде сыныбы, жасы, елді мекені және бірнеше сұрақтар қарастырылды:

- Сізді қандай кәсіби сала қызықтырады, басым қызығушылық танытасыз?
- Болашақ мамандығыңызды таңдауға не әсер етті? (Егер мамандықты таңдасаңыз, жауап беріңіз);
- Егер сіз мамандық таңдамасаңыз, неге? (егер сіз мамандық таңдамасаңыз, жауап беріңіз);
- Болашақ мамандығыңыз жайында не білесіз? (егер мамандық таңдасаңыз, жауап беріңіз);
- Сізге мектеп пәндері ішінен қай пән қатты ұнайды немесе қай пәннен жетістіктеріңіз басым (бірнеше пәндерді белгілеуіңізге болады).

Сауалнама нәтижесі бойынша «Сізді қандай кәсіби сала қызықтырады, басым қызығушылық танытасыз?» деген сұраққа сауалнама қатысқан әртүрлі аңғарымдағы барлық мүмкіндігі шектеулі балалар жауап берді (1-сурет).

Сізді қандай кәсіби сала қызықтырады, басым қызығушылық танытасыз?



1-сурет. Сұрақ бойынша сауалнама нәтижелері

Сауалнама нәтижесін саралай отырып, мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты құрбылары сияқты тең дәрежеде жоғары оқу орнына түсуге ұмтылатынын байқап отырмыз. Бірақ бұл мүмкіндікке барлығы бірдей қол жеткізе алмайтынын көруге болады. «Сізді қандай кәсіби сала қызықтырады, басым қызығушылық танытасыз?» деген сауалнамада педагогикалық мамандықтар бойынша 20%, медицина саласын қалайтын мүмкіндігі шектеулі балалар 17%, спорт және өнер саласы бойынша 26% құраса,

құқық және экономика 11%, техникалық мамандықтарды қалап отырған балалар 17% көрсетті. Өртүрлі аңғарымдағы мүмкіндігі шектеулі балалардың 9% болашақ мамандықтарын болжамағанын сауалнама нәтижесі көрсетіп отыр.

Сауалнама нәтижесі бойынша «Қазіргі сәтте болашақ мамандығыңызды таңдадыңыз ба?» деген сұраққа сауалнамаға қатысқан өртүрлі аңғарымдары бар барлық мүмкіндігі шектеулі балалар белсене қатысты (2-сурет).



2-сурет. Сұрақ бойынша сауалнама нәтижелері

«Болашақ мамандығыңызды таңдауға не әсер етті? (Егер мамандықты тандасаңыз, жауап беріңіз)» сауалнама нәтижесі бойынша барлық қатысқан мүмкіндігі шектеулі балалар жауап берді. Ата-аналардың кеңестері бойынша 51%, жалақысы жоғары жауабын 11%, мамандыққа қызығушылық танытқан талапкерлер 11%, нақты өз таңдауын жасаған 5%, адамдарға пайда әкелу мүмкіндігі 8%, мамандықтың танымалдығы 10% көрсетті. Сауалнамаға

қатысқан әртүрлі аңғарымы бар мүмкіндігі шектеулі балалардың 9% білімеймін және ешқандай деген жауап беріп отыр. Осыдан байқауымызға болады және әлі де мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін жоғары оқу орнына түсуде кедергілер орын алады.

«Егер сіз мамандық таңдамасаңыз, неге? (егер сіз мамандық таңдамасаңыз, жауап беріңіз)» деген сұрақ бойынша сауалнама нәтижесі жүргізілді (3-сурет).



3-сурет. Сұрақ бойынша сауалнама нәтижелері

Сауалнаманың нақты осы сұрағы бойынша 31% «таңдау жасадым» жауабын берді, 29% бірнеше нұсқа арасынан таңдау жасау қиындық туғызатынын белгіледі, 27% өздерінің мүмкіндіктерінен сенбейтіндерін жеткізді. 13% қандай мамандық таңдауды білмейтіндерін және әлі де жоғары оқу орнына түсу жайында мағұлматпен қамтамасыз етілмегендерін тиек етеді. Нәтижесінде

мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың және олардың ата-аналарының жоғары оқу орнына түсу ережелерін және мүмкіндіктерін толық меңгермейтініне көзіміз жетіп отыр.

Жоғары оқу орнына дейінгі тиімді дайындықты ұйымдастыруға арналған зерттеулер нәтижесінде: «Болашақ мамандығыңыз жайында не білесіз? (егер мамандық тандасаңыз, жауап беріңіз)».



4-сурет. Сұрақ бойынша сауалнама нәтижелері

Сауалнама нәтижесі бойынша берілген сұраққа барлық қатысушылар жауап берді. 11% кәсіби маңызды қасиеттері деген жауаптарын берді, 31% мамандыққа қызығушылық танытқанымен де толықтай түсінбегендерін сауалнама нәтижесінен көріп отырмыз. 33% сұранысқа ие мамандыққа барғылары келетінін жеткізді, 25% әртүрлі аңғарымдары бар мүмкіндігі

шектеулі балалар «ешқандай» деген жауап беріп отыр. Осыған орай мүмкіндігі шектеулі тұлғалар арасында жоғары оқу орнына түсу талпынысы толықтай дамымағанына көзіміз жетіп отыр.

«Сізге мектеп пәндері ішінен қай бағыттағы пәндер қатты ұнайды немесе қай пәннен жетістіктеріңіз басым (бірнеше пәндерді белгілеуіңізге болады)»



5-сурет. Сұрақ бойынша сауалнама нәтижелері

5-сурет бойынша әртүрлі аңғарымдары бар мүмкіндігі шектеулі балаларға жоғары оқу орнына дайындықты ұйымдастыруда мектепте қандай бағыттағы пәндерге қызығушылығын анықтау барысында жұмыс жүргізу басты жолға қойылды.

Сонымен қатар, зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдарды талдау мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға жоғары оқу орнына дейінгі дайындықты ұйымдастыруға мүмкіндік берді, бұл университетке түсу кезінде төмен техникалық сүйемелдеуден, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға дайындық курстарының болмауынан, психологиялық-педагогикалық қолдауды әлсіз қамтамасыз етуден көрінеді [10, 25-45 бб.].

Талдау. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды университетке дейінгі дайындықта психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру, кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық кеңес беру маңызды рөл атқарады, олардың формалары күндізгі және қашықтықтан болуы мүмкін. Жоғары оқу орнына дейінгі білім

беру құрылымдарын құрудың негізгі мақсаты денсаулығында мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың жалпы білім беру деңгейінен кәсіптік білім деңгейіне көшуі кезінде олардың білімі мен қабілеті деңгейіндегі алшақтықты жою, сондай-ақ жоғары мектеп жағдайларына бейімдеу болып табылады.

Қазіргі жағдайда, мүмкіндігі шектеулі мектеп түлектерінің көпшілігі жоғары оқу орнында оқуға психологиялық тұрғыдан дайын емес, олардың көпшілігі өздерін қандай салада іске асырғысы келетінін әлі шешкен жоқ және «Ұлттық бірыңғай тестілеу» нәтижелері бойынша қолайлы мамандық, қолайлы оқу орнына барады; кейбіреулері ата-аналарының кеңесі бойынша колледжге түседі; басқалары достарымен «қарым-қатынаста болу үшін» белгілі бір мамандықты оқуға барады. Көптеген балалар ата-аналар төлей алатын мамандықты немесе олардың пікірінше ең жеңіл мамандықты таңдайды. Нәтижесінде бірінші курс студенттерінің көпшілігі өмірінің жаңа жағдайларына психологиялық тұрғыдан дайын болмайды. Олар жаңа сабақ түрлеріне

бейімделе алмауы, белгілі бір тапсырмаларды орындай алмайды; нәтижесінде академиялық қарызы бар және өкінішке орай әртүрлі оқу курстарында университеттерден шығарылатын студенттер саны артып келеді.

Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың кәсіби өзін-өзі анықтауы әлеуметтік-психологиялық дайындықты да қамтиды. Бұл жаңа кәсіппен танысу, оны басқалармен салыстыру қарастырылады. Маңыздылығы дұрыс жасалған таңдау мамандығы айқын болғанда мотивация білім алуда септігін тигізеді. Жеке, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескерместен жоғары оқу орнын таңдау болашақта студенттер үшін қолайсыз салдарға әкелуі мүмкін, мысалы, өз мамандығына қанағаттанбау, бұл өз кезегінде одан бас тартуға әкелуі мүмкін. Қалаусыз жұмыс істеу мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың психологиялық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін.

Табысты кәсіби өзін-өзі анықтау мүмкіндігі шектеулі үміткерлер үшін өте маңызды, өйткені мамандықты дұрыс таңдамау әлеуметтік-психологиялық тұрғыда көңіл-күйінің құлазуына және денсаулығының нашарлауына әкелуі мүмкін. Бұл оларға болашақта жоғары білім дипломын алуға және қоғамның толыққанды мүшесі болуға, басқа түлектермен тең дәрежеде жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, университетке дейінгі дайындық - бұл студенттердің жеке білім беру және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға және шығармашылық тұлғаның өзін-өзі дамытуын қамтамасыз етуге бағытталған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру арқылы оқыту мен тәрбиелеудің мақсатты процесі. Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық жоғарғы оқу орнында үздіксіз білім беру жүйесіндегі буын

болып табылады және талапкерлердің білім беру саласындағы қажеттіліктерін барынша толық қанағаттандыруға қол жеткізуге ықпал етеді.

Қорытынды. Қорыта келе, жоғары оқу орнына дейінгі дайындық қазіргі білім беру жүйесінде белгілі бір орын алады деп сенімді түрде айта аламыз, бірақ педагогикалық теорияда ол зерттеудің тәуелсіз категориясы ретінде ерекшеленбейді. Мүмкін, бұл университетке дейінгі дайындық талапкердің жоғары оқу орнына түсуін қарастыратын ауқымды емес мәселені шешуге бағытталған. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды жоғары оқу орнына дейінгі даярлауға келетін болсақ, бұл проблема соңғы жылдары жиі талқылануда емес. Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың арасында жоғары оқу орнына түскісі келетіндер бар, бірақ мұны қалай жүзеге асыру қажеттілігін білмейді, өйткені олардың қабылдануы университеттердің психологиялық-педагогикалық және медициналық сүйемелдеуді, материалдық-техникалық жабдықтауды, бейімделу ортасы мен білім беру бағдарламаларының болуын және т. б. қамтитын қажетті арнайы білім беру жағдайларын жасауды білдіреді. Осындай тығырықтан шығуға, болашақта өз жолын табуға, басқа қалыпты құрдастары сияқты өз арман-мақсаттарының шыңына жетуге, биік-биік белестерді бағындыруға аталған жобаның ұйымдастыру жұмыстары ат салысады.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранты шеңберінде 217 «ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасы, 102 «ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» кіші бағдарламасы, AP08857092 «Инклюзивтік жоғары білім беру жүйесінде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды жоғары оқу орнына дейінгі даярлауды ұйымдастыру» жобасы бойынша орындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] Довузовская подготовка в системе инклюзивного высшего образования: Учебно-методическое пособие для абитуриентов с ограниченными возможностями здоровья, поступающих в высшие учебные заведения /С.С.Жакипбекова и др. – Талдықорған, 2020. – 124 б.
- [2] Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік: Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – 31.01.2017.
- [3] Мовкебаева З.А. Вопросы подготовки педагогических кадров в Республике Казахстан к работе в условиях инклюзивного образования //Педагогика и психология. – 2018. – № 2. – бб.6-11.
- [4] Сулейменова Р.А. К вопросу об инклюзивном образовании //Открытая школа. – 2015. – №6 (147). – бб. 56-58.
- [5] Байтурсынова А.А. Организационно-педагогические условия включения детей с ограниченными возможностями в учебном процессе в общеобразовательных школах: Дисс.... к.п.н. – Алматы, 2018. – 26 б.

[6] Білім туралы: Қазақстан Республикасының Заңы. – 07.07.2007 (07.07.2020 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ (өтінім берілген күні: 12.06.2021).

[7] Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы: Қазақстан Республикасының Заңы. – 11.07.2002. – № 346 [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_ (өтінім берілген күні: 12.06.2021).

[8] Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы: Қазақстан Республикасының заңы. – 08.08.2002. – № 345-II [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_ (өтінім берілген күні: 12.06.2021).

[9] Molina, V.M. The role of lecturers and inclusive education [Text] /V.M.Molina, HP.Rodriguez, NM.Aguilar, A.C.Fernández, A.Moriña //Journal of Research in Special Educational Needs. – 2016. – Vol. 16. – Issue S1. – P.1046-1049.

[10] Зорина Е.Е. Преодоление барьеров при реализации инклюзивного образования в вузе //Образование и наука. – 2018. – Т.20. – № 5. – С.165–184.

References

[1] Dovuzovskaya podgotovka v sisteme inklyuzivnogo vysshego obrazovaniya: Uchebno-metodicheskoe posobie dlya abiturientov s ogranichennymi vozmozhnostyami zdorov'ya, postupayushchih v vysshie uchebnye zavedeniya /S.S.Zhakupbekova i dr. – Taldyqorǵan, 2020. – 124 b.

[2] Kazakstannyn ushinshi zhangyruy: Zhahandyk basekege kabilettilik: Memleket basshysy N.Nazarbaevtyн Kazakstan halkyna zholdauy. – 31.01.2017.

[3] Movkebaeva Z.A. Voprosy podgotovki pedagogicheskikh kadrov v Respublike Kazahstan k rabote v usloviyah inklyuzivnogo obrazovaniya //Pedagogika i psihologiya. – 2018. – № 2. – bb. 6-11.

[4] Sulejmenova R.A. K voprosu ob inklyuzivnom obrazovanii //Otkrytaya shkola. – 2015. – №6 (147). – bb. 56-58.

[5] Bajtursynova A.A. Organizacionno-pedagogicheskie usloviya vklyucheniya detej s ogranichennymi vozmozhnostyami v uchebnom processe v obshcheobrazovatel'nyh shkolah: Diss. ... k.p.n. – Almaty, 2018. – 26 b.

[6] Bilim turaly: Kazakstan Respublikasynyn Zany. – 07.07.2007 (07.07.2020 zhylgy zhagday bojnynsha ozgerister men tolyktyrularmen) [Elektrondyk resurs]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ (otim berilgen kuni: 12.06.2021).

[7] Mumkindigi shekteuli balalary aleumettik zhane medicinallyk-pedagogikalyk tuzeu arkyly koldau turaly: Kazakstan Respublikasynyn Zany. – 11.07.2002. – № 346 [Elektrondyk resurs]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_ (otim berilgen kuni: 12.06.2021).

[8] Kazakstan Respublikasyndagy bala kukiqtary turaly: Kazakstan Respublikasynyn zany. – 08.08.2002. – № 345-II [Elektrondyk resurs]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_ (otim berilgen kuni: 12.06.2021).

[9] Molina, V.M. The role of lecturers and inclusive education [Text] /V.M. Molina, HP. Rodriguez, NM. Aguilar, A.C. Fernández, A. Moriña //Journal of Research in Special Educational Needs. – 2016. – Vol. 16. – Issue S1. – P.1046-1049.

[10] Zorina E.E. Preodolenie bar'eroov pri realizacii inklyuzivnogo obrazovaniya v vuze //Obrazovanie i nauka. – 2018. – T.20. – № 5. – S.165–184.

Организация довузовской подготовки лиц с ограниченными возможностями здоровья

Г.Ж.Ержанова¹, С.С.Жакупбекова¹, М.А.Шмидт¹

¹Г.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
(Талдықорған, Қазақстан)

Аннотация

В статье рассматривается проблема равноправного доступа к высшему образованию лиц с ограниченными возможностями совместно со здоровыми обучаемыми. Так же проблема устранения дискриминации прав лиц с ограниченными возможностями, которая актуальна для всего мира, в том числе и для Республики Казахстан. Актуальность создания необходимых образовательных условий для лиц с ограниченными возможностями здоровья несомненна, особенно учитывая их психофизические особенности, рассматривается возможность получения высшего образования данной категории. Цель исследования-организация психолого-

педагогического сопровождения лиц с ограниченными возможностями в довузовской подготовке; психолого-педагогическое консультирование по вопросам профориентации. В ходе исследовательской работы использовались комбинированные методы исследования: качественные и количественные. В исследовании было охвачено 100 учащихся с ограниченными возможностями 9-11 классов школ Алматинской области. По результатам анкетирования были выявлены противоречия поступления лиц с ограниченными возможностями в университет.

Ключевые слова: диагноз; высшее образование; лиц с ограниченными возможностями; дистанционное образование; инклюзивное образование.

Organization of pre-university training of persons with disabilities

G.Yerzhanova¹, M.Shmidt¹, S.Zhakipbekova¹

*¹I.Zhansugurov Zhetysu University
(Taldykorgan, Kazakhstan)*

Abstract

The article is devoted to the problem of equal access of persons with disabilities to higher education with normal students. The urgency of creating the necessary educational conditions for persons with disabilities is undeniable, especially considering their psychophysical characteristics, the possibility of obtaining higher education in this category is being considered. The purpose of the study is the organization of psychological and pedagogical support for persons with disabilities in pre-university training, psychological and pedagogical counseling on career guidance. In the course of the research work, combined research methods were used: qualitative and quantitative. The study covered 100 students with disabilities in 9-11 grades of schools in Almaty region. According to the results of the survey, contradictions in the admission of persons with disabilities to the university were revealed.

Keywords: diagnosis, higher education, persons with disabilities, distance education, inclusive education.

Редакцияға 05.07.2021 қабылданды.

FTAMP 15.41.21

<https://doi.org/10.51889/2021-3.2077-6861.09>

К.Б.СМАТОВА¹, С.К.АЛИМБАЕВА^{1}, А.К.МАЖИБАЕВ¹*

*¹М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті (Тараз, Қазақстан)
smatova_k@mail.ru, bapanova@inbox.ru*, 707olo@mail.ru*

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ МЕДИАБІЛІМІНІҢ ДАМУЫНА МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ DAҒДЫЛАРЫНЫҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Мақалада болашақ мамандардың медиабілімінің дамуына мінез-құлық дағдыларының әсерін зерттеу өзекті мәселе ретінде қарастырылған. Мінез-құлық дағдылары – іс-әрекет пен қарым-қатынастың айқын көрінісі екендігі негізделген. Болашақ мамандар өз тәжірибесінде теория мен практиканы ұштастыра отырып, кәсіби біліктерді меңгерумен қатар, шектен тыс көп ақпараттың ішінен қажеттісін тауып, оны талдап, тұжырымдап, өз тәжірибесінде жаңаша жүйеде қолдана білуі арқылы медиабілімі артатындығы дәлелденген. «Медиабілім», «Медиа сауаттылық» және «Психологиялық денсаулық» ұғымдарының өзара байланысты екендігі анықталған. Медиа – тек ақпарат тасымалдаушы ғана емес, сонымен қатар ол ақпаратты қабылдау үрдісін де қамтамасыз ететіндігі талданған. Копинг – өмірлік мәселелерді шешуге дайындықты көрсететін және белгілі бір жағдайға бейімделуге бағытталған мінез-құлық түрі екендігі арнайы әдістеме арқылы көрсетілген. Әдістеме басым копинг-стратегияларды анықтауға мүмкіндік берді.

Түйін сөздер: мінез-құлық, медиа, медиабілім, медиа сауаттылық, психологиялық денсаулық, күйзеліс, медиа мінез-құлық, копинг.